

**"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 шілдедегі N а-6/314 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 28 қазандағы N А-7/452 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 28 қазанда N 3280 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011 жылғы 10 наурыздағы № А-6/358 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2011.03.10 № А-6/358 қаулысымен*

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабына сәйкес Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызметін көрсетудің стандартын бекіту туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 шілдедегі № а-6/314 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерінің Аймақтық мемлекеттік тіркеу Тізімінде № 3264 болып тіркелген, "Акмолинская правда" газетінде 2008 жылғы 19 тамызда, "Арқа ажары" газетінде 2008 жылғы 19 тамызда жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартында: 17-тармағында " және аспирантураны" сөздері алынып тасталсын.

2. Облыс әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Рау*